

№43 «Гүлдәурен» балабақшасы МКҚК

Меңгеруші жанындағы кеңес хаттамасы

Өткізу күні: 02.12.2024 ж.

Қатысқандар саны - 40

КҮН ТӘРТІБІ:

1. Меңгеруші жанындағы жиналыс шешімдерінің орындалуы
2. Шағын орталықтың ішкі тәртіп ережесі
3. Ата-аналар комитетінің жұмысын жандандыру
4. Шағын орталықтың санитарлық-эпидемиологиялық нормалардың (СанПиН) сақталу барысы

ТЫҢДАЛДЫ:

1. Меңгеруші жанындағы жиналыс шешімдерінің орындалуы туралы

1 Саттыкова Айшат Акылбековна сөз алып, өткен жиналыстарда қабылданған шешімдердің орындалу барысы туралы баяндады.

Қызметкерлердің міндеттерін орындау деңгейі қаралды.

Жоспарланған іс-шаралардың жүзеге асырылуы талқыланды.

Кемшіліктер мен оларды жою жолдары айтылды.

Жауапты тұлғаларға тапсырмалар берілді.

2. Бөбекжай-бақшаның ішкі тәртіп ережесі туралы

Әдіскер Саттыкова Айшат Акылбековна ішкі тәртіп ережелерін сақтау бойынша баяндама жасады.

Қызметкерлердің жұмыс уақытын сақтау мәселесі қаралды.

Балалардың күн тәртібі мен қауіпсіздігі туралы ережелер айтылды.

Жаңа қызметкерлерге ішкі тәртіп ережелерімен таныстыру жұмыстары жүргізілді.

Ережені бұзған жағдайлар қаралып, алдын алу шаралары талқыланды.

3. Ата-аналар комитетінің жұмысын жандандыру туралы

Ата-аналардың бөбекжай іс-шараларына қатысу деңгейі қаралды.

Комитет мүшелерін қайта сайлау немесе толықтыру мәселесі көтерілді.

Балалардың тәрбиесі мен дамуына қатысты ата-аналармен жұмыс түрлері қарастырылды.

4. Санитарлық-эпидемиологиялық нормалардың (СанПиН) сақталу барысы туралы

Медбике

санитарлық нормалардың сақталуы туралы баяндады.

Бөлмелердің тазалығы мен желдетілуін бақылау шаралары қаралды.

Балалардың жеке бас гигиенасын сақтау мәселесі қозғалды.

Тамақтану сапасын тексеру нәтижелері талқыланды.

Санитарлық талаптарды бұзу фактілері анықталса, оларды жою жолдары айтылды.

ҚАУЛЫ ЕТТІ:

1. Меңгеруші жанындағы жиналыс шешімдерінің орындалуы:

Барлық қабылданған шешімдердің уақытылы орындалуын қамтамасыз ету.

Жауапты тұлғалардың есеп беруін тұрақты түрде өткізу.

2. Шағын орталықтың ішкі тәртіп ережесі:

Барлық қызметкерлерге ішкі тәртіп ережелерін қатаң сақтау тапсырылсын.

Қызметкерлерге тәртіп ережелерімен таныстыру бойынша арнайы жиналыс өткізу.

3. Ата-аналар комитетін жандандыру:

Ата-аналармен ынтымақтастықты арттыру мақсатында жиындар мен іс-шаралар ұйымдастырылсын.

4. Санитарлық-эпидемиологиялық нормалардың сақталуы:

Барлық санитарлық талаптардың орындалуын қатаң бақылау.

Балаларға жеке бас гигиенасы бойынша тәрбие жұмыстарын күшейту.

Санитарлық нормаларға сәйкестікті тексеру мақсатында ай сайын мониторинг жүргізу.

Төраға:

Шокпарова К.Т.

Хатшы:

Мұсағалиева Рита Ержанқызы

